



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2020 жылғы 27 шілде  
Нұр-Сұлтан қаласы

№ 39-н/к  
город Нур-Султан

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің  
№80 «Ботақан» балабақшасы мемлекеттік  
мекемесі қызметіндегі сыбайлас жемқорлық  
тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы Заңының 8-бабы, 5-тармағына, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің №80 «Ботақан» балабақшасы МҚКК сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне 2020 жылдың 27 шілде мен 3 тамыз аралығында ішкі талдау жүргізілсін.
2. Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің №80 «Ботақан» балабақшасы МҚКК сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша жұмыс тобының құрамы бекітілсін.
3. Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің №80 «Ботақан» балабақшасы МҚКК қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау төмендегі бағыттар бойынша жүргізілсін:
  - 1) Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің №80 «Ботақан» балабақшасы МҚКК қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
  - 2) Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің №80 «Ботақан» балабақшасы МҚКК ұйымдастырушылық - басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.
4. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуге жалпы кезең 2019 жылғы 1 тамыз бен 2020 жылдың 31 шілде аралығы аныкталсын.
5. Жұмыс тобы:
  - 1) талдамалық анықтаманы келісу және балабақша меңгеруші қарауына 2020 жылғы 3 тамызда ұсынсын;
6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Нұр-Сұлтан әкімдігінің №80 «Ботақан» балабақшасы МҚКК әкімшісі Ж.Б.Ескееваға жүктелсін.
7. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Менгеруші



Ж.С.Дюсенова